

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстандықтар 423 миллиард теңгеден астам қаржыны тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалана алады

2021 жылдың 15 ақпанындағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті операторлардан мерзімінен бұрын төлемдерді жүзеге асыруға мақсатты пайдалану үшін **127 357 салымшының өтініші** келіп түсті.

78 074 өтініш орындалды және салымшылар уәкілетті операторларда ашылған өздерінің арнайы шоттарына біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) түрінде шамамен **423,7 млрд теңге** алды. Төлемдердің орташа сомасы **5,4 млн теңге**.

45,3 млрд теңгеден астам сомаға тағы **8 636 өтініш** төлемдерді жүзеге асыру үшін өңделуде. Заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты **40,6 мыңнан** астам өтінім қабылданбады.

Республика бойынша өтініштердің ең көп саны (19,8%) Алматы қаласында қабылданды. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарынан шамамен 16,2% қабылданды. Үшінші белсенді өңір Маңғыстау облысы болып табылады, онда республика бойынша жалпы өтініш санының 15,4% қабылданды.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның өңірлері бойынша БЖЗК-дан тұрғын үй жағдайларын жақсартуға қаражат алу мынадай сипатқа ие:

Өңірлер	Қабылданған өтініштер саны		Бас тартылғандар	Өңдеуде		Орындалды	
	ед.	%	ед.	ед.	сумма, млн тг	ед.	сумма, млн тг
Ақмола облыстық филиалы	2 471	1,94	847	134	349	1 490	4 135
Ақтөбе облыстық филиалы	8 035	6,31	2 785	570	1 887	4 680	17 317
Алматы облыстық филиалы	2 438	1,91	911	127	399	1 400	4 791
Атырау облыстық филиалы	9 257	7,27	2 785	762	4 973	5 710	38 426
Шығыс Қазақстан облыстық филиалы	4 740	3,72	1 569	348	927	2 823	8 295
Жамбыл облыстық филиалы	1 940	1,52	734	106	377	1 100	4 002
Батыс Қазақстан облыстық филиалы	5 101	4,01	1 591	331	1 961	3 179	19 782
Қарағанды облыстық филиалы	7 172	5,63	2 359	473	1 590	4 340	15 327
Қостанай облыстық филиалы	2 860	2,25	950	194	491	1 716	4 742
Қызылорда облыстық филиалы	2 666	2,09	842	204	702	1 620	6 764
Маңғыстау облыстық филиалы	19 629	15,41	5 264	1 768	14 904	12 597	108 447
Павлодар облыстық филиалы	5 005	3,93	1 522	339	758	3 144	9 128
Жезқазған қ. өңірлік филиал	2 637	2,07	813	253	119	1 571	7 611
Семей қ. өңірлік филиал	1 819	1,43	604	128	310	1 087	2 840
Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы	1 634	1,28	481	108	208	1 045	2 542
Түркістан облыстық филиалы	124	0,10	56	14	81	54	220

Алматы қ. филиал	25 180	19,77	7 703	1 399	7 921	16 078	96 855
Нұр-Сұлтан қ. филиал	20 592	16,17	6 634	1 205	5 685	12 753	65 595
Шымкент қ. филиал	2 856	2,24	996	173	687	1 687	6 842
Анықталмаған	1 201	0,94	1 201		-		-
ЖИЫНТЫҒЫ	127 357	100	40 647	8 636	45 329	78 074	423 662

Біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру туралы өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөліміне орналастырылған.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).